

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мемлекеттік кәсіпорындарын жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 957 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына және "Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 118 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мынадай республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мүліктік кешендер ретінде жекешелендіру туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н :

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазәскерсаудажабдықөткізу" республикалық мемлекеттік кәсіпорны еншілес кәсіпорындарымен бірге;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Солтүстік әскери құрылыс" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Оңтүстік әскери құрылыс" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Бурабай" әскери санаторийі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

5) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазәскерижоба" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктік кешенін сатуды жүзеге асырсын;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі